

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысында дауыс берудің қорытындылары туралы
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2017 жылдың 14 ақпанында 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, акт залы, 3-қабат мекен-жайында 10 сағат 30 минутта өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17.

Қоғамның жиналысында қатысып отырды:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тарапынан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 дауыс беруші акциялардың иесі Тебериков Дамир Данилбекұлы (2017 жылғы 17 қаңтардағы № 110-39 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas-тан («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ депозитарлық банкі) Қоғамның 70 097 613 ауқымды депозитарлық сенімхатын құрайтын 11 682 902 қарапайым акцияларын білдіретін Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2017 жылғы 8 ақпандағы нөмірсіз сенімхат бойынша) қатысты.

Жиыны: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беруге құқығы бар Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 80,9%-ға ие акционерлердің 2 өкілі, тіркелді және қатысты.

Акционерлер жиналысының кворумы бар.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша Қоғамның есептеу комиссиясы дауыс берудің мынадай қортындыларын шығарды:

1. Жиналыстың төрағасын сайлау туралы.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының төрағасы болып «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі департамент директорының орынбасары Тебериков Дамир Данилбекұлы сайлансын.

2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.



3. Жиналыста дауыс берудің тәртібі мен нысанын белгілеу туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті белгіленсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге - он минут дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге – бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына - жеті минутқа дейін.

5. Күн тәртібін бекіту туралы:

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 54 769 908 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу.

6. Жиналыстың мәжілісі күн тәртібінің «Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарының өтемақысын төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу» мәселесі бойынша

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 8 324 820 дауыс;
- «Қарсы» - 46 430 364 дауыс;
- «Қалыс» - 14 724 дауыс.

Жиналыс күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім қабылданған жоқ.

Есептеу комиссиясының мүшелері:

Л. Нұрмағамбетова

Г. Аяғанова



А. Әлиакпарова